

Бекітемін:  
Педагогикалық кенеспен



Вариатив  
**«Ертегілер елінде»**  
(балалардың қызығушылығына  
арналған оқу қызметі)

Тәрбиешілері: Болғанбаева С  
Алдиярова Г

2021-2022 ж

«Ертегілер әлемінде» деген бағдарлама 4-5 жастағы балаларға арналған. Күннің екінші жартысында откізілетін вариативтік компонент. Театр ойындары арқылы көрсетілетін әр-турлі іс-әрекеттер, қымыл-қозғалыстар балалардың бойында достық, адалдық, батылдық, жанашырлық қасиеттерін тәрбиелеуге жағдай жасайды және әлемді тек ақылмен ғана емес, жүрекпен де тани білуге үйретеді. Әр түрлі ертегілер балалардың қызығушылықтарын арттырады және олардың тілдерін дамытады.

Мектепке дейінгі жасөспірім баланы тәрбиелеу мен дамыту ісіне байланысты мақ-саттарды шешуде театр ерекше рөл атқарады. Балаларға театр, әртістік өнер, сахналау, қойылым, сахна туралы түсінік беріп қызығушылығын оятамыз. Көріністерді өзара сойлесу дағдыларын дамыта отырып, бұлдіршіндердің тілді менгеруіне деген сүйіспен-шілікті арттырамыз. Театр әр балаға қуаныш, ұмтылmas әсер сыйлайды, оның көркем-дік талғамын, еліктеуі мен қиялын дамытады. Эдегте адамның жеке басының қасиет-тері бес жасқа дейін қалыптасады екен. Сондықтанда да баланың жан-жақты қалып-тасуы үшін мектеп жасына дейінгі бұлдіршіндердің бойына жақсы, жағымды қасиет-терді сініре білу керек. Бала әр нәрсеге құмар, қызыққыш, ол өзінің айналасында болып жатқан өзгерісті, тамаша құбылыстарды сезінуге тырысады. Оның жан-жақты дамып, жеке тұлға болып тәрбиеленуіне, тілінің дамуын театрландырылған ойындар арқылы жетілдіруге болады. Ал, театрландырылған ойындарды балалар қызықтап ой-найды. Театрландырылған ойындар ойын-көйылымдары болып саналады, бұл жерде балаларға арналған көркемдік шығармаларды сахналық көйылымдарға айналдырып, оларды кейіпкер ретінде катыстырудың маңызы зор. Баланы сахнада кейіпкер ретінде ойната отырып, оның жеке тұлғасын жан-жақты дамыту. Оның бойында әдебиетке, мәдениетке, өнерге деген құштарлықты ояту. Бұлдіршіндер сахнада шағын рөлдерде ойнау арқылы байланыстыра сөйлеуге, әдемі киініп, жинақы жүргүре, ұлкендермен және өзге де балалармен тіл табыса білуге үйренеді. Жетілген диалог балалардың өз ғалымдарынан жеткізе білуге жетелейді.

#### Мақсаты:

- Мектепке дейінгі жасындағы баланы театр түрлері арқылы шығармашылық және парасаттылық қабілеттерін жан-жақты дамыту.
- Балалардың сөздік қорларын байытып, жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуге тәрбиелеу.
- Театрлық іс – әрекетті, ертегілерді пайдалана отырып – ойын дамыту.

#### Міндеттері:

- Балалардың тілін, сөйлеу мәдениеті мен ой - өрісін, дүниетанымын дамыту.
  - Балаларды адамгершілікке баулу, нақты сөйлеуге, салмақты ой айтуга баулу.

- Баланың қиялын есте сақтауын, шығармашылық қабілетін дамыту, ойдан әнгіме, ертегі шығарып айтуда дағдыландыру.
- Баланың әлеуметтік және эмоционалдық дамуына жағдай жасап, әр баланың жеке дара әртістік, шығармашылық қасиеттерін ескере отырып, өзін қоршаган ортаға, адамдарға, күрбіларына, өзіне деген қарым-қатынас

мәдениетін қалыптастыру.

P\c	Айы	Тақырыбы	Сағат саны	Ертегінің мақсаты:
1	Қыркүйек	1. «Шаруа мен аю»  2. «Тұлкі мен қоян»	1  1	1 Еңбеккор болуды жұмыстың соңына дейін жеткізу керек екенін  2 Ертегінің мазмұны мен таныстыра отырып жағымды және жағымсыз кейіпкерлерді ажыратада біледі.
2	Қазан	1. «Маша мен аю»  2. «Дәуіт пен қарлығаш»	1  1	1 Әрбір кейіпкерлердің рөлін ойнай алуы  2 жақсы, жаман сөздерінің мағынасын ажыратуды.
3	Қараша	1. «Үш қызы»  2. «Жеті қарға»	1  1	1 Балалардың ойын қиялымен үштастыра біледі  2 Жақсы, жаман қасиеттерді ажыратуды.

4	Желтоқсан	1. «Ұсқынсыз балапан»  2. «Мысық пен тышқан»	1  1	1Кұстар туралы, жабайы күстар, үй күстары туралы біледі  2 Құстарға қамқорлық жасау керектігін біледі.
5	Қантар	1. «Бауырсақ»  2. «Шалқан»	1  1	1 Ертегі әлеміне қызығушылық танытады 2, Адамға бәрі көмектесе алатынын біледі
6	Ақпан	1. «Үш аю»  2. «Үйшік»	1  1	1 Балалар ертегінің мазмұнын түсіне отырып ертегіге деген қызығушылығы артады 2 Бір-біріне қамқор болуды
7	Наурыз	1. «Тұлкі мен қояндар»  2. «Қоянның үйшігі»	1  1	1, Тұлкінің құйрығын тауып ұзын сзықтарды қосуды.  2 Балалар мақтаншақ қоян ертегісінен тыңдаپ, «Ұрлық тұбі-корлық» екенін түсінеді
8	Сәуір	1. «Қасқыр мен жеті лак»	1	1 Балалар кімге болса соған алданбауды үйренеді.

		2. «Алтын айдарлы әтеш»	1	2Үй жануарларына камқорлық жасауды білді.
<b>9</b>	Мамыр	1. «Бір уыс маңта»	1	1.Рөлге бөліп сомдау барысында балаларды ұжымдылыққа, камқорлыққа тәрбиеленді Бірігіп жасаған жұмыстың пайдасы бар екенін біледі
<b>Барлығы</b>			<b>18</b>	

# ЕРТЕГІЛЕР

## Шаруа мен аю

Шаруа шалқан екпекші болып, орманға келіп жер жыртып журсе, оған аю жолыға кетеді.

- Ей, шаруа, мен сені құртамын!- дейді аю.
- Мені құрта көрмеші, аюжан, онан да бірігіп шалқан егейік. Шықкан егіннің сабағын түгелдей сен ал, маган түбірін берсөн де болады,- дейді шаруа.
- Жарайды, келістік. Бірак осыдан алдақ кететін болсан, сені орманнның маңына жолатпаймын,-деп ескертеді де, аю орманға кіріп жоқ болады.

Шалқан кереметтей ірі болып өседі. Күз түсे шаруа шалқанды қазуға барады. Мұны сезген аю орманнан шыға келіп:

- Кәне, шалқанды бөліске салайық, менің үлесімді бер,- дейді.

Шаруа карсылық көрсетпей: «Мақұл, аюжан, бөлсек бөлейік, сабағын сен ал, маган түбірі де болады»,-дейді. Сөйтіп шаруа жапырақ, сабактарының бәрін аюға жинап беріп, өзі тиесілі шалқандарды арбага тиеп, қалаға сатуға алып келе жатады. Осы кезде аю жолығып:

- Кайда кетіп баrasың?- деп сұрайды шаруадан.
- Түбірлерімді сатайын деп қалаға кетіп барамын,- дейді ол.
- Кәне, түбірдің дәмін татып көрейінші,- дейді аю. Шаруа шалқан

ұсынады. Аю оны апыл-ғұптыл жеп алып:

- А-а! Сен мені алдақ соққан екенсін! Түбірдің тәтті екенін айтпадың,

енді отын аламын деп орманға жолаушы болма! Маныма келсен, жарып тастаймын!- деп салады-ай кеп айқайды.

Келесі жылы шаруа дәл сол жерге бидай егеді. Бидай піскен кезде шаруа оруға келсе, дер сәтін күткен аю оны тосып отыр екен.

- Ә-ә... енді алдауына көне коймаспын, кәнеки, менің үлесімді бер,- дейді аю.
- Дегенің-ақ болсын, аюжан, түбірін сен ал, маган сабағы да жетеді, дейді шаруа. Сөйтіп олар бидайды түгел жинап болады. Шаруа түбірдің бәрін аюға беріп, өзі бидай сабактарын арбага тиеп алып, үйіне кайтады.

Аю ары әуреленіп, бері әуреленіп түбірден еш нәрсе шығара алмай, шаруаға қатты ыза болды.

Міне, содан бері шаруа мен аю араз болып кеткен екен деседі.



### Тұлкі мен қоян

Әуелі тұлкінің құйрығы жоқ еді. Әрқашан қасқырменен тату түрмаган себепті құйрығының жоктығы жүрген ізін жасыра алмай, оған бек қатты залал келтірген. Соның үшін қасқыр әрдайым тұлкінің артынан түсіп, андып жүріп, бір күні қасқыр барып оның ініне кірген. Эгәрдә тұлкі іннің басқа жағындағы аузынан шығып кетпесе, өлтіріп тастар еді. Әлден соң тұлкі ағаш ішине кіріп кетіп, ағаштың түбіндегі тұрған қоянды көрді. Ол мезгілде қояндардың құйрығы ұзын болып, шапшаң жүргендеріне ынғайсыз болып тұрушы еді. Сол жерде тұлкі қоянды ұстап алғып, өлтірмекші болып жатқанда, қоян сұрапты: «Мені өлтірме, саған құйрығымды сыйға берейін», — деп уағда қылады. Мұнысына тұлкі көніп, екеуі сол жерде құйрықтарын айырбастайды. Сонан бері тұлкінің құйрығы ұзын болып, қоянның құйрығы қысқа болып қалған екен.



### **Маша мен аю**

Ерте, ерте, ертеде кемпір мен шал өмір сүріпті. Олардың Маша атты немересі болыпты. Бірде Маша құрбыларымен орманға жиналыпты. Атасы мен әжесі оған: — Құрбыларыңнан қалып қалма! — деп табыстады.

Бірақ Маша олардың айтканын тындамады. Ол құрбыларынан алысқа ұзап кетіп, акырында адасып қалды. Маша оларды шақырып айқайтай бастады. Құрбылары дауыс қатпады. Маша ымырт түскенше орманды кезіп жүрді. Кенет бір үйді көрді.

Машенька үйге кіріп: — Бұл үйде кім тұрады екен? — деп ойлады. Ал бұл үйде аю тұратын. Ойлағанынша болмады, үйге Аю кіріп келіп: — Менің үйіме рұқсатсыз неге кіресін? — деп гүр ете түсті.

Маша: — Мен адасып кеттім. Бүгін осында қонып, ертен үйіме қайтамын, — деді.

— Жоқ! Енді мен сені жібермеймін. Сен менің қолымда тұрасын. Пеш жағып, ботқа пісіріп, мені тамақтандырасын — деді. Маша біраз бұртиды, бірақ не шара?!

Ол аюдың үйінде тұра бастады. Аю күні ұзақ орманға кетеді, ал Маша үй жинап, дәмді бәліш пісіреді. Аюдың қуанышында шек жок. Біраз күн өтті. Маша Аюға:

— Атам мен әжемді көрмегелі көп болды. Мен бір қорап бәліш пісірейін, ал сен оларға апарып бер, — деп еді, ол келісе кетті. Маша бір қорап бәліш пісірді де:

— Жаңбыр жауып тұрған жок па? Есік алдына шығып қарашы, — деді.

Аю сыртқа шығып кеткенде Машенька қораптың ішіне кіріп алды. Аю қайтып оралғанда қораптың дайын тұрғанын көрді. Оны арқасына салып, деревняға тартты. Аю ұзақ жүрді, шаршады, ағаштың түбіріне отырып тынығып алғысы келді.

— Түбірге отырып, бәліш жейін, — деп ойлады.

Ал Машенька қорап ішінен:

— Түбірге отыруши болма, бәлішті жеме! Атам мен әжеме апар, — деді.

— Неткен қырағы еді. Бәрін көріп тұр, — деп, Аю қорапты қөтеріп, ары қарай аяндады. Ауылға жетті, қыздың атасы мен әжесі тұратын үйді де тапты. Олардың есігін бар күшімен токпактап:

— Түк - түк - түк! Есікті ашындар. Мен Машенькадан базарлық әкелдім, — деді.

Иттер бір нәрсені сезгендей оған тап берді. Басқа иттер де жан-жактан үріп, жүгіре бастады. Аю коркып кетті. Ол қорапты қакпа алдына тастай сала, алды-артына қарамай қаша жөнелді. Осы кезде үйден атай мен әжей шықты. Қорапты көрді.

— Мынау не қорап — деп әжесі тангалды. Атасы қораптың аузын ашып қараса, онда Машенька отыр. Атасы мен әжесі Машенькамен осылайша қауышты.



### Дәуіт пен қарлығаш

Бір қарлығаш жардың қуысына ұя салып, өмір сүріпті. Қанаты қатпаған балапандары анасы азық әкелуге кеткенде, шыдамсыздана күтумен болады екен.

Бір күні балапандарды жемекке қарлығаштың ұясына жауыз жылан өрмелеп шығып бара жатады. Мұны көрген қарлығаш аспан мен жерді шарлап, шыр-шыр етіп, балапандарына арашашы іздейді. Көкектен көмек сұрай барса:

— Бұркіт қонакқа шақырып еді, соған барғалы жатырмын, уақыттым жок, — дейді көкек.

Одан шығып, қарғаға барса:

— Үйленгелі жатқанымда, мазамды алма, — дейді. Қарлығаштың амалы таусылып, шырылдан ұшып келе жатады. Бір кезде дәуітті көреді.

Дәуіт қарлығаштың шыр-шыр еткен дауысын естіп:

— Достым, неге зарлайсың? — деп сұрайды.

Қарлығаш сонда:

— Жауыз жылан балапандарымды жұтпакшы болып, ұяма өрмелеп жетіп қалды. Соған не істерімді білмеймін, — деп, қарлығаш көзінің жасын төгіп-төгіп жібереді.

— Олай болса, мені жеткіз тезірек, — дейді дәуіт. Қарлығаш қанатын тосады. Дәуіт жотасына шығып алады.

Көзді ашып-жүмғанша ұясына жетеді. Жылан ұяға такап қалған екен. Дәуіт пен қарлығаш енді бір сәт кешіксе, балапандарды қылғып сап, жұмсак ұяда масайрап ұйқтамақшы екен.

Дәуіт аяғымен шаба тырнап, жыланның екі көзін ағызып жібереді. Жауыз жылан сылқ етіп жерге құлап түседі де мерт болады.

Дәуіттің ерлігіне сүйсінген қарлығаш онымен айнымас дос болыпты. Содан бері талай заман өтсе де екеуі бір ұяда тұрып, бірге өмір сүреді екен.



## Ұш қыз

**Автор:** Бір кедей әйелдің ұш қызы болыпты. Солардың қарнын тойдырып, киіндіріп, катарынан кем қылмай өсіру үшін әйел күндіз - тұні тыным таппай енбектеніпті. Қарлығаштың балапанындау қауырсындары қатып, қыздар бой жетеді. Бір күні әйел қыздарын қасына шақырып былай дейді.

**Әйел:** Қыздарым менін. Бұгінгі күні міне бойжетіп, тұрмыс құратын жасқа жеттіңдер. Мен сендерді қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай өсірдім. Сендер үшін тұн демей, күн демей енбек еттім. Ал енді өз тендерінді тапсандар, ақ батамды беремін. Мениң көзімнің тірісінде тұрмыс құрындар.

**Автор:** Деді әйел. Ай жузді аруларға елдің көзі түспей қойсын ба? Бірінен соң біріне құда түсіп, бірінші үлкен қызы, екінші ортанышы қызы, үшінші кенже қызы ұшқан ұясын тастап, әрқайсысы өз алдына тұрмыс құрады. Әйел де қартайып, босағасында жалғыз қалады. Ермегі - елгезек тиін ғана. Көнілін қайғы басса, шер тарқатып, әңгімелесетіні де сол тиін екен. Осылай күн артынан күндер өтеді. Бірде кемпір науқастанып, төсек тартып жатып қалады.

**Әйел:** Досым, тиін, сен қыздарыма хабар жеткіз. Көзімнің тірісінде бакұлласып қалайын.

**Автор:** Дейді кемпір. Тиін ең алдымен, кемпірдің үлкен қызына келіп, оның тілегін жеткізеді.

**Тиін:** Армысың үлкен қыз. Мені саған анаң жіберді. Ол қатты науқастанып қалды. Қыздарыма хабар бер, көзімнің тірісінде бакұлласып қалайын деді. Сізді анаңыз шақырып жатыр.

**1 - қыз:** Қап, барап едім. Бірақ мына қазанымды тазалап жатыр едім.

**Автор:** Дейді үлкен қызы қолы тимей, мұрнынан тіреліп жатқандай кейи сөйлеп.

**Тиін:** Сен қазанынды тазалап алайын дейсің бе? Онда мәнгі баки солардан айырылмай өт.

**Автор:** Осыны айтқанда, қыздың қолындағы қазан жерге түсіп қызға тиіп кетеді де, қыз үлкен тасбақага айналып кетеді. Тиін енді ортанышы қызға жетіп, анасының хабарын айтады.

**Тиін:** Армысың ортанышы қыз. Мені саған анаң жіберді. Ол қатты науқастанып қалды. Қыздарыма хабар бер, көзімнің тірісінде бакұлласып қалайын деді. Сізді анаңыз шақырып жатыр.

**2 - қыз:** Ойпырмай, анама қазір - ак шауып жетер едім - ау. Бірақ, жәрменкеге мата тоқып апаруға үлгіре алмай жатқаным.

**Автор:** Деп күйінген сыңай танытады. Тиін ызаға булығып:

**Тиін:** Мата тоқып жатыр едім дейсің бе? Онда мәнгі баки соны тоқып өт!

**Автор:** Дейді де, жүріп кетеді. Ортанышы қыз өрмекшіге айналады да, жоргалай жөнеледі. Тиін асығып кемпірдің кенже қызына келеді. Ол қамыр илеп жатыр екен.

**Тиін:** Армысың кенже қыз. Мені саған анаң жіберді. Ол қатты науқастанып қалды. Қыздарыма хабар бер, көзімнің тірісінде бакұлласып қалайын деді. Сізді анаңыз шақырып жатыр.

**Автор:** Қайғылы хабарды естіген қыз ләм - мим демей, қолының қамырын да тазаламастан, жан ұшырып анасына жүгіреді.

**3 - қыз:** Анашым, сізге не болды? Өзіңізді неге күтпейсіз? Осыншама өзінізді неге кинайсыз? Бізді ертерек шакырмадының ба? Әпкелерім қайда? Олар неге келмеген. Тиінжан сен оларға хабар бердің бе?

**Тиін:** Ия, кенже қыз. Бірақ олар енді келгілері келмейтінін айтты.

**3 - қыз:** Анашым, ештene уайымдамаңыз. Мен сізді емдең, жазамын. Әпкелерім де келіп қалар, колдары тимей жатқан болар. Бәрі жақсы болады.

**Автор:** Деп кенже қыз анасына дәрі - дәрмек береді. Анасының көзінің тірісінде жеткен кенже қыз науқас кемпірдің ақырғы сәттерін қуанышқа бөлейді.

**Әйел:** Ақылыңнан сенің. Сені көріп бір марқайып қалдым ғой.

**Тиін:** Менің қадірлім, алтыным, адамзатқа әрдайым қуаныш әкелуші бол. Сонда адамдар сені, сенің немере, шөберенді, үрпағынды ардактайды.

**Автор:** Шындығында, солай болып, кіші қыз көп жасап, оны барлық адам қастерлеп, сүйіп өтіпти.

Күндердің күнінде кіші қыздың да өмірмен қоштасар мезгілі жетіп, ол бал арасына айналыпты.

(Осы кезде бал арасы сайран салып жүреді)

Аралар бүкіл жаз бойына тыным таптай, адам баласы үшін бал жинаумен әлек. Қай уақытта қарасанды, оның алдыңғы екі аяғы тәтті қамырға малулы. Ал қыс айында айналадағы барлық жәндік гайып болғанда, ара омартаға - жылды ұяға кіріп алып, жан ракатын табады, оянса бал мен қант жейді екен.



## Жеті қарға



Бір адамның жеті ұлы болыпты. Ұлдарын қанша жақсы көргенімен, әке-шешесі "Келесі перзентіміз қызы болса" деп армандайды. Ата-анасына қосылып ұлдары да "Сонымыздан қарындас ерсін" деп Күдайдан тілейді. Күндердің бір күнінде аналары жүкті болып, өмірге қыз бала әкеліпті. Отбасы мүшелерінің қуаныштары қойнына сыймайды. Кішкентай қызы сондай сүйкімді болғанымен, өте әлжуаз, нәзік екен. Оның амандығын тілеген ата-анасы өз дәстүрлері бойынша шоқындырмак болады. Мезгілі келгенде әкесі ұлдарын құдыққа жұмсал, "Қызды шоқындыруға қажетті су алып келіндер" дейді. Ұлдарының бірі әкесінің колынан құманды алып, суга аттанады. Басқалары да оның сонынан ереді. Үйге кайтуға асықкан балалар суды тездетіп ала бергенде, байқаусызда құманды құдыққа түсіріп алады. Терен құдыққа қанша үңілгенімен, құман көрінбейді. Қатты қорықкан балалардың үндері шықпай қалады. Әкесінің мінезін жақсы білгендейтен, ешқайсысы "Үйге кайтайык" деп айтпайды. Бұл істеріне оның қатты ренжитінін біледі. Ұлдары оралмаған соң әкесі шыдамсыздана бастайды. "Бұзықтар ойынға айналып, тапсырманы ұмытып кетті-ау!" деп ойлаған ол қатты ашуланады. Ұзақ күтіп, сабыры сарқылған сон, оларды іздеуге шығады. Қызының тағдырына алаңдап, "Шоқынбай шетінеп кете ме?" деп корқады. Ызага булықкан әке ашу үстінде: "Олардың бәрі қарғага айналсын!" деп айғайлайды. Осы сөзді айтуы мұн екен, үйдің тебесінен қанаттарын қағып, жеті қарға ұшып шығады. Олар үйді бірнеше рет айналады да, алыска самғап кетеді. Қарғысы шындыққа айналған әке қанша қиналғанымен, қолынан келер қайран болмайды. Бір күні көшеде кетіп бара жаткан қызы адамдардың сыбырласа сөйлескен сөзін естіп қалады:

— Иә, өте жақсы қызы, бірақ ағаларының жогалуына себепкер болды.

Ол қатты мұнайып, ойланып қалады. Сосын ол ата-анасына барып: — Мениң ағаларым бар ма еді? Оларга не болды? — деп сұрайды. Әке-шешесі құпияны ашатын кез жеткенін біліп, болған шындықтың бәрін баяндайды. "Бірақ сенің еш кінәң жок" дейді олар. Әкесі қаһарланамын деп ұлдарын құрбандыққа шалғанын мойындайды. Бірақ бойжеткен оны көніліне медеу тұтпайды. Ағаларының қарға болып өмір сүріп жүргендегін ойлаған, ішкен асы бойына сіңбейді. Күні-туні жылап, ағаларын адам қалпына қайтаруды армандаумен болады. "Осы ойымды жүзеге асырғанша тыным таппаймын" деп өзіне үәде береді. Бір күні ағаларын іздеу үшін алыс сапарға аттанады. Ата-анасына тиесілі жүзікті "Естелік болсын" деп салып алады. "Өзегім талса жермін" деп бір тілім наң, шөлін қандыру үшін бір жұтым су, жолда отырып, демалу үшін кішкентай орындық ала шықты. "Ағаларымды үйге алып қайтпайынша, оралмаспсын" деп өзіне серт етті. Бір апта ма, бір ай ма, бір жыл ма, қанша жүргенін кім білсін, күндердің бір күнінде ару қызы жердің шетіне келді. Сол жерден күнді көріп, оны ұстамақ болды. Күннің қызыу bet шарып, өртеп жіберердегі күйдіре бастайды! Одан қорықкан қызы мұхитқа жүгірді. Мұхит өте терен болатын, алып толқындар жағаға ұрып, қызды жұтып жіберmek болады! Зәресі ұшқан қызы айға барды, бірақ айдың сұық тығы сондай, денесін мұздатып жіберді. Амалы таусылған

– Сенің ағаларың шыныдан тұрғызылған тауда тұрып жатыр. Мына кілт сол тауды қоршаған қорғанның есігін ашуга көмектеседі, – дейді. Қыз сиқырлы кілтті алғып, шыны тауды іздеуге аттанады. Ол жеткен кезде қорған жабылып қалған екен. Сиқырлы кілтпен есігін ашайын десе, кілт түсіп қалыпты! Ол мейірімді жұлдыздың сыйлығын жоғалтқанын біліп, катты өкінеді. "Ағаларымды құтқармак едім, шыны таудың қакпасын ашатын сиқырлы кілттен айырыл дым. Енді не істеймін?" деп мұңайып тұрғанда, басына бір ой келеді. Қыз қашшалықты ақылды әрі көркем болса, соншалықты батыл еді. Ол қалтасынан кішкене бәкісін алғып, кішкентай саусағын кесіп жібереді де, қанын тамызып, қакпаны ашады. Есік ашылып, қыз ішке енеді. Сол сэтте оның алдынан бір кішкентай ергежейлі шыға келіп:

– Сен не ізденеп келдің? – деп сұрайды.

Қыз өзінің карғага айналған жеті ағасын ізденеп жургенін айтады. – Жеті карға дейсің бе? Олар менің кояжындарым, – дейді ергежейлі, – Қазір ағаларың үйде емес. Күте тұр, сәлден сон келіп калар.

Сосын ергежейлі қызды асүйге апарады. Устелдің үстінде ас құйылған жеті ыдыс тұр екен. Қыз әр ыдыстан дәм татып шығады. Сәлден сон даладан шу мен гүіл естіледі, ауаны тіліп ұшып келе жатқан карға канаттарының сыйбыры құлакка келді. Ашығып әрі шөлден қалған карғалар бірден дастарқанға жайғасады. Ыдыстарынан дәм татқан сон, олар: – Мениң асымнан кім ауыз тиген? – деп сұрайды. Қыз біреуінің ыдысының тубіне анасының жүзігін салып, өзі есіктің артынан тығызып қалған еді. Карғалардың бірі ыдысты қотара ішіп болған сон, ата-анасының жүзігін тауып алады.

– Қарындасым осында ма? – деп сұрайды ол.

– Қарындасымыз өте алыста ғой. Егер ол осында келсе, біз қайтадан адамға айналар едік, – дейді басқалары ах ұрып. Сол сэтте қыз есіктің артынан шығып, карғалардың алдына тұра калады. Ағалары оны көрген бетте қарғыстың күші жойылады. Олар бұрынғы бала қалыптарына кайта енеді. Бір-бірі мен жылап көрісіп, қауышады. Куаныштары қойындарына сыймай, кол ұстасып үйлеріне кайтады.

## Ұсқынсыз балапан

Тұнық та терең көлдің жағасында ескі үй бар еді. Үйдің айналасын қалың ши басқан. Сол шидің арасында бір үйрек көптен бері жұмыртқа басып отырган болатын. Бір күні балапандар бірінен сон бірі жұмыртқаны жарып шыға бастады.



*mura-kz.ru*

- Пи, пи, кандалай кен жер! – деп, тар жерден шыккан балапандар анасын айналып жүгіре жөнелді.
- Сендер әлі көп нэрсені көрген жоқсындар, – деген анасы, – «өзім де осы маңайдан басқа еш жерді көрмеген екем-ау» – деп ойлады.
- Жұмыртқаның каншасы жарылып, қаншасы әлі жарылмағанын білмек боп, аяғын көтеріп қарап еді, бір үлкен жұмыртка қалған екен. Үйрек амалсыз жұмыртқаның үстіне қайта отыра кетті.
- Осы кезде бір кәрі үйрек жанына келіп:
- Бұл күркес тауықтың жұмыртқасы болуы мүмкін. Оны таста да, өз балапандарына еге бол, – деп ақыл берді. – Осынша уақыт бастым ғой, сәл шыдайын, – деді үйрек.
- Өзің біл ендеше, – деп кәрі үйрек кетіп қалды.
- Сол сәт үлкен жұмыртқа жарылып, балапанның шиқылдаған үні естілді. Кәрі үйрек балапанға әрлі-бері қарап:
- Қандай ұсқынсыз өзі, расында да күркес тауықтың балапаны болды ғой, басқа балапандарға еш ұқсамайды, – деп ойлады. «Түк түсінсем бүйірмасын, мына ұсқынсыз балапан шынында менікі болғаны ма?» деп ойлады үйрек-ана да сонғы туған балапанына қарап.
- Сұр балапан расында ұсқынсыз еді. Жемді көбірек жегендіктен басқа балапандарға қарағанда тез өсіп кетті және ебедейсіздеу болды.
- Бауырлары да онымен ойнагысы келмеді. Ұсқынсыз балапан қатты қамығып, өзін жалғыз сезінді. Анасы оны жұбатпақ болып:
- Кішкентайым-ау, сен неліктен мүндай болдың екен, қалайша басқаларға ұқсамайсың? – деген сайын өзін одан бетер жаман сезінді. Тұнде басқаларға біллірмей жылжап алатын

- Ешкім мені жаксы көрмейді, бәрі мені ызаландырады. Неге мен бауырларыма ұқсамаймын? – деп қайғырды ол.  
Келесі күні аяу райы сондай тамаша болды. Үйрек балапандарын көлге ертіп әкеліп, жүзуді, сұнгуді үрете бастады. Балапандар анасының істегендерін қайталап, жүзсе жүзді, сұнгісе, олар да сұнгіді.  
Ұсқынсыз балапан да ешқайсынан қалысқан жок. «Құрке тауыктың емес, өзімнің-ақ балапаным сияқты ғой, карашы, өзгелермен бірдей жүзіп жүр» деп ойлады оған сынай караған анасы.  
– Қане, маган қарай жүз, – деді ол ұсқынсыз балапанға мейірлене қарап.
- Балапандарын ертіп құстар мекендейтін аулаға келе жатып, үйрек-ана:
- Балалар, біз қазір құстардың ауласына барамыз. Менен алыстан кетпендер, – деді. Құс ауласына келгенде, бір үйрек ұсқынсыз балапанды мойнынан тұмсығымен тістеп алды.
- Мұның не? Ол саған ештеңе істеген жок қой! – деп анысы шырпыр болды.
- Ол ұсқынсыз әрі қопал! – деді катыгез үйрек.

– Басқа балапандарының бәрі өте сүйкімді. Ал мына балапаның маган ұнамайды.

Ауладағы құстар ұсқынсыз балапанды біресе итеріп жіберіп, жол бермей, енді бірде корқытып, күн көрсетпейтін болды. Әсіреле, бір қораз байғұс балапанды олай өтсе де, былай өтсе де шоқып, денесін канатып, маза бермеді. Балапан қайда барса да барлығы оған күле қарап, мазақ етті. Бұл қорлыққа төзе алмаған байғұс балапан ақыры ауладан қашып кетті.

Басы ауған жакқа қарай тоқтамай жүгірген балапан қатты шаршады. Айнала сынан қараса, жабайы үйректер мекендейтін сазға келіпті. «Осы жерде қалып, шалшық суды ішсем де күнімді көрермін» деп ойлаған ол, сазда екі күн бойы тапжылмай отырды. Ушінші күні оның жанына ұшуды енді ғана үйреніп жүрген екі жабайы балапан-үйрек ұшып келді.

– Бізben дос болсаншы, өзің бір күлкілі екенсің, – деді олар.

Балапан бұл жерде де қалуға болмайтынын ту сінді. Сейтіп ол бір қамыстардың арасына барып жасырынды. Тұн болды. Кенет тарс еткен мылтық дауысы естілді. Зәресі ұшқан балапан қанаттарымен басын бүркеп, жата қалды. Кенет, аңшылардың бір иті оның қасына келіп, тілін салақтатып, ырылдаپ тұрды да, әрі қарай жүгіріп кетті. «Ұсқынсыздығынан ит те алды-артына қарамай қашты-ау» деп ойлады балапан. Арада біраз уақыт өтті. Ұсқынсыз балапан жалғыздықтан жалығып, жазық даламен тоқтаусыз жүгіріп отырды. Алдынан кездескен ескі үйдің тесігінен кіріп, құлай кетті.

Ол үйде кәрі кемпір тұрады. Оның тауыктары мен мысығы бар болатын. Кемпір ерке мысығы мен күнде жұмыртқа туып беретін тауыктарын балаларындай жаксы көретін.

Кемпірдің көзі нашар көретін еді. Ол балапанды «семіз үйрек екен» деп ойлап, «енді үйректің де жұмыртқасын жейтін болдық» деп қуанды. «Мына үйрек қашан жұмыртқа басар екен?» деп күтумен жүреді. Ал ұсқынсыз балапан бір бұрышта тапжылмай отыра берді.

Бір күні тауық ұсқынсыз балапаннан:

– Сен жұмыртқа тұа аласың ба? – деп сұрады.

– Жок, – деді балапан.

– Бәлкім, сен пырылдаپ, әжейдің көңілін аулай алатын шығарсың? – деді мысық.

– Жок! – деп жауап береді ұсқынсыз балапан тағы.

Гадкий утёнок ертегі сказки на казахском языке Андерсен Г.Х.Осы кезде есік айқара ашылып, ішке таза ауа кірді. Сыртта күн жарқырап тұр екен.

– Аулаға шықым келіп тұр. Шіркін, суда жүзсем ғой! – деді тауыкка қарап.

– Қайдағыны айтпашы, арамтамақ, – деп ашуланды тауық, – одан да сен әжейге жұмыртқа туып бер!

– Менің бұл жерде калғым келмейді, – деді ұсқынсыз балапан.

– Онда басың ауған жакқа кете бер, – деді тауық.

Үйден шығып, өзенге қарай жүгіре жөнелген балапан жүзіп, сұнгіп, әбден мауқын басты.

Жаз өтіп, күз келді. Жел тұрып, жапырактар сарғайш түсे бастады. Байғұс балапан сүйкітан тоңайын деді. Бірде орман жақтан мойны ұзын, аппак қардай әдемі құстар ұшып шықты. Бұл жылы жаққа бет алған аккулар болатын. Ұсқынсыз балапан сондарынан ергісі келіп, қанаттарын жайып, бір түрлі дыбыс шығарды. Бірақ қанша талпынса да ұша алмай, суга құлай берді.

Көп ұзамай борандатып қыс та келді. Балапан жүзіп жүрген көл біртебірте мұзға айналды. «Жүзе берсем, мұз қатпайтын шығар» деп ойлаған балапан жүзуін тоқтатпады. Ақыры қатты шаршап, әлі кетіп, мұз үстіне құлай кетті.

Таңертең көлдін жаңынан өтіп бара жатқан бір шаруа мұз үстінде талып жатқан балапанды көріп, оны үйіне әкелді. Жылы үйге кірген балапанның денесіне катқан мұзы еріді. Бойы жылып, балапан есін жиды. Балалардың онымен ойнағысы келді.

Гадкий утёнок ертегі сказки на казахском языке Андерсен Г.Х.Балалардан үріккен балапан үй ішінде қашып жүріп, табактағы сүтке түсіп кетеді. Сүттен шығып, майга, одан шыға беріп, ұнға барып күмп ете қалады. Әйел ашууланып, балапанды істікпен күа жөнеледі. Бейшара балапан ашық тұрган есіктен атып шығып, жана жауған карға күмп етіп кіріп кетеді.

Осылайша талай корлық пен азапты өткерген балапан қыстап аман шығады. Күн жылып, қар еріп, көктем келеді. Көлге неше түрлі құстар ұшып келе бастайды. Қыстай қамыс арасын паналаган ұсқынсыз балапан да қанатын жайып жіберіп, көлге ұшып шығады. Өзінің қанаттары қатайып өсken екен. Ол гүлдеп тұрган алма бағының жаңындағы тоганға қонағы. Кенет ол көл бетінде жүзіп жүрген аппак, әдемі құстарды көреді. Бұл өткен күзде сондарынан еріп ұшып кеткісі келген аккулар еді. Оның сол құстардың қасына барғысы келеді. Бірақ өзінің ұсқынсыз түрі есіне түсіп, «тұмсықтарымен шоқып, өлтіріп тастар» деп мұнайды.

Ары ойлап, бері ойлап: «Өзге құстардан қорлық көргенше әдемі құстардың колынан өлейін» деген шешімге келген ол аккулардың қасына ұшып барады.

«Не болар екен?» деп үрэйленген «үйректің» басы салбырап кетеді. Сол кезде ол өзінің судағы бейнесін көреді. Бұл да сұлу аккулардан айнымай қалыпты. Тіпті де ұсқынсыз емес, керісінше, сондай әдемі, аппак екен.

Өзіне кайта-қайта қарап, қатты қуанған ол, осы уақытқа дейін көрген корлықтарын ұмытып кетеді.

Ал өзге аккулар қасына келіп, оны тұмсықтарымен аймалай бастайды.

Жағада жүрген балалар бұларға қызыға қарайды.

– Карапдаршы, аккуларға әне тағы бір әдемі акку жанадан қосылыпты! – деп айғайлайды бір бала.

– Иә! Жанадан бір акку келіпті, – деп шуылласады өзге балалар.

– Мына акку бәрінен де әдемі екен! – дейді үлкендер.

Олар аккуларға нан шашып, ілтипат қөрсетеді.

Барлық аккулар жана келген аккуға бастарын иеді.

Ал «ұсқынсыз үйрек балапаны» атанып келген құс ұялғандай, қанатымен бетін бүр кеді. Енді оған барлығы сүйсіне, қызыға карауда. Қас-

кағым сәтте ұсқынсыз балапанға айналаның бәрі әдеміленіп кеткендей көрінеді. Бақыттан жүзі бал-бұл жанған акку қанатын жайып жіберіп:

– Мен ұсқынсыз балапан кезімде осындей бақытқа кенелерімді білсем гой! – деп қуана дауыста

## Мысық пен тышқан

Мысық пен тышқан дос болыпты. Бір күні екі дос келе жатып, бір құмыра май тауып алыпты.

Мысық білгісініп:

— Құмырадағы майды қыста жейік, — деп, шұнқыр қазып, көміп тастапты. Күндер өте береді. Қыс келеді. Аяз қысып, карны ашып жатқан мысықтың есіне өзі көміп қойған құмырадағы май түсіпті. Енді мысық сұлтауратып:

— Тышқан, менің апам ұл тауыпты, соған той жасайды екен, мені шақырып кетті, — дейді де кетіп қалады. Сонан соң құмырадағы майдың төбесін ғана ойып жеп кайтады. Алдынан тышқан шығады.

— Бебектің атын кім қойдыңдар? — деп сұрайды.

— Төбелше қойдық, — дейді мысық.

Келесі күні мысықтың тағы да қарны ашады. Құмырадағы май есіне түседі. Тышқанға келіп:

— Мениң тағы бір апам ұл тауыпты, тойға шақыртыпты, барайын, — деп, кетіп қалған мысық майды орталай жеп алады. Тышқан тағы да алдынан шығады.

— Е, бебектің атын кім қойдыңдар? — деп сұрайды.

— Белдемше қойдық, — дей салады мысық. Бірнеше күннен кейін мысықтың тағы да қарны ашып, құмырадағы майға бармақ болып, тышқанға келеді:

— Мениң тағы бір апам бар еді, сол ұл тапқан екен, шақыртыпты, — деп, кетіп қалады. Мысық құмырадағы майдың қалғанын жеп келе жатады. Алдынан тышқан шығады;

— Е, бебектің атын кім қойдыңдар? — деп сұрайды.

— Қалдықша қойдық, — дейді мысық.

Бір күні қыскы аяз қысады. Даға шығуға дәттері шыдамайды. Тышқан мен мысықтың қарны ашады, ашыға бастайды. Сол кезде тышқанның есіне өздері тығып қойған құмырадағы май түсіп, мысыққа айтады.

Мысық пен тышқан көмген майларына келсе, құмырадағы майдың жұғыны да қалмапты. Сонда тышқан:

— Ім-м... білдім, білдім, — дейді ренжіп, — сен уш рет үйден шығып кетіп едін. Бірінші келгенде, төбесін жеп, Төбелше, екіншісінде ортасын жеп, Белдемше, үшіншісінде қалғанын жеп, Қалдықша дедің ғой, ә? — дейді.

Өз кулығын тышқан біліп қойған соң, дойыр мысық ашуға булығып, тышқанды бас салып талайды. Тышқан бір тесікке кіріп кетіп әрен құтылады. Мысық пен тышқанның достығы сонымен біткен екен.



## Бір уыс макта

Бір кішкентай қыз әкесінің шапанын жамап отыр екен, шешесі қасына отырып, ақыл айтты:

— Балам, дүниедегі жаратылған жанды-жансыздардың ешқайсысының да керексіз болып, жерде қалатыны болмайды, — деп. Сол сөзді айттып отырганда, қыз бала киімін жамап болып, жердегі мактандың қиқымын терезеден лактырып, далага тастады:


— Эже, осы қиқымның еш нәрсеге керегі бола қалмас, — деп.

Шешесі:

— Балам, сол да жерде қалмайды, — деді. Осылайша сөйлесіп, терезеден қарап отырса, манағы мактанды жел көтеріп ұшырды, мұны бір торғай көріп куып барып, мактанды тұмсығына тістеп кана алып, ұшып кетті. Қыз әкесінен:

— Манағы мактандың қиқымын бір торғай алып кетті, оны неғылады? — деп сұрады. Эжесі айтты:

— Көрдің бе, балам, кун айналмай манағы айтқан сөздің келгенін. Ол кішкентай мактанды торғай ұясына төсеп, жас балапандарына мамық етеді, — деді.



## БАУЫРСАҚ

(орыс халық ертегісі)

... Ертеде шал мен кемпір болыпты. Бірде шал: – Бүгін маған дәмді бауырсақ пісіріп берші, – дейді кемпіріне.

– Үнның біткені қашан, бауырсақты неден жасаймын? – дейді кемпір.

– Қаптың түбін қағып, орнын сыптырсан, біраз ұн да жиналып қалар, – депті сонда шал.

Кемпір қаптың түбін қағып, төгілгенін сыйрып, екі уыстай ұн жинайды. Оған қаймақ қосып, қамыр илейді. Содан соң оны майға куырады. Піскен бауырсақты терезе алдына сұтып қояды. Жата-жата жалықкан бауырсақ терезеден жерге домалап түсіп, кемпір мен шалдан қашып кетеді. Домалап келе жатып ол қоянды кезіктіреді.

Қоян бауырсаққа:

– Бауырсақ, бауырсақ, мен сені жеймін, – дейді.

– Мені жеме, қоян. Мен саған өлең айтып берейін:

– Мен бауырсақ, бауырсақ,

Қаптың түбін қағып ап,

Апам екі уыс ұн жинап,

Қаймақ қосып шылап,

Ұстық майға куырып,

Терезеге қойып сұйтқан.

Мен атамнан қаштым,

Әжемнен да қаштым.

Ал сенен, қашу, қоян,

Қыын емес маған! – деп бауырсақ домалай жөнеледі. Қоян аңтаң жолда қалады.

Қояннан құтылған бауырсақ домалай, домалай

орманға жетеді. Ой ламаған жерден алдынан бір сүр қасқыр шыға келеді де:

– Бауырсақ, бауырсақ, мен сені жеймін! – дейді.

– Жемеші мені, қасқыр. Мен саған өлең айтып берейін, – деп ол әндете жөнеледі:

– Мен бауырсақ, бауырсақ,

Қаптың түбін қағып ап,

Апам екі уыс ұн жинап,

Қаймақ қосып шылап,

Ұстық майға куырып.

Терезеге қойып сүйтқан.

Мен атамнан қаштым,

Әжемнен да қаштым.

Қояннан да қаштым.

Босқа тұрсаң ұтылармын,

Қасқыр, сенен де құтылармын! - бауырсақ домалап кете барады. Қасқыр артта қалады. Сол домалаған қалпы ол қорбандаған аюға жетіп тіреледі:

– Бауырсақ, бауырсақ, мен қазір сені жеймін! – дейді аю ақырып.

– Тоқтай тұр, аю, одан да мениң өлеңімді тында, – деп бауырсақ әндете бастайды:

– Мен бауырсақ, бауырсақ,

Қаптың түбін қағып ап,

Апам екі уыс ұн жинап,

Қаймақ қосып шылап,

Ыстық майға қуырып,

Терезеге қойып сүйтқан.

Мен атамнан қаштым,

Әжемнен да қаштым.

Қояннан да қаштым,

Қасқырдан да қаштым.

Аюға келді кезек,

Одан да қашу керек! – деп жолын жалғастырады. Осылайша бауырсақ аюдан да құтылады. Аңқау аю ауызын ашып қала береді. Алаңсыз домалап келе жатқан бауырсақ енді ку түлкіні кезіктіреді.

Бауырсақты көріп, қуанып кеткен тұлкі:

– Амансың ба, бауырсақ! Өзің қызарып әдемі болып кетіпсің, – дейді қулана.

Бауырсақ мактаныштан әнін бастап жібереді:

– Мен бауырсақ, бауырсақ,

Қаптың түбін қағып ап,

Апам екі уыс ұн жинап,

Қаймақ қосып шылап,

Ыстық майға қуырып,

Терезеге қойып сүйтқан.

Мен атамнан қаштым,

Әжемнен да қаштым.

Қояннан да қаштым,  
Қасқырдан да қаштым,  
Аюдан да қаштым,  
Тұлкі, қазір сенен  
Оңай қашып кетем!

– Әнің жақсы екен, – дейді ку тұлкі. – Бірақ мен қартайдым, құлағым дұрыс естімейді.  
Тұмсығыма шығып, өлеңінді қайта айтшы, жақсылап тындалап алайын.  
Мақтау сөзге елпілдеп кеткен бауырсақ еш ойланбас тан тұлкінің тұмсығына домалап  
мініп, әндете жөнеледі.  
– Мен бауырсақ, бауырсақ,  
Қаптың түбін қағып ап ...  
Сол-ақ екен, ку тұлкі оны «ап» деп жеп қояды. Қарнын сипап бір тояды.



## ШАЛҚАН

(орыс халық ертегісі)

... Баяғы бір заманда шал мен кемпір болыпты. Олардың бақшасы бар екен. Бірде шал шалқан отырғызады. Шалқан үп-үлкен бол өседі. Бір күні шал шалқанды жерден суырып алмақшы болады. Ары тартады, бері тартады. Бірақ шалқанды шығара алмайды. Шал көмекке кемпірін шақырады. Кемпір шалдан, шал шалқаннан ұстап, ары тартады, бері тартады. Бірақ орнынан қозғалта да алмайды. Кемпір көмекке немере қызын шақырады. Немересі кемпірден, кемпір шалдан, шал шалқаннан ұстап, ары тартады, бері тартады. Тағы да суырып шығара алмайды. Немере қызы итін шақырады. Ит қыздың етегінен, немересі кемпірден, кемпір шалдан, шал шалқаннан ұстап, ары тартады, бері тартады. Шалқанды суыра алмайды. Енді ит көмекке мысықты шақырады. Мысық иттің құйрығынан, ит қыздың етегінен, немересі кемпірден, кемпір шалдан, шал шалқаннан ұстап, арыжұлқиды, бері жұлқиды. Шалқан шықпайды. Мысық болса, тышқанды шақырады. Тышқан келіп мысықтың құйрығынан, мысық иттен, ит немересінің етегінен, қыз кемпірден, кемпір шалдан, шал шалқаннан ұтайды. Олар тарта-тарта ақыры шалқанды суырып шығарады.



## ҮШ АЮ

(орыс халық ертегісі)

Ертеде бір кішкентай қыз болыпты. Бірде ол орманға барып, адастып кетеді. Қайтар жолды іздел жүріп, қалың ағаштар арасында тұрган ескі үйге кезігеді. Есігі ашық түр. Қыз ішке кіреді. Бөлмеде ешкім көрінбейді. Бұл үйде үш аю тұратын. Ең үлкені, әкесі – Михаил Иваныч, одан кейінгісі, шешесі – Настасья Петровна және олардың баласы – кішкене қонжық. Үшеуі бұл кезде орман аралап, серуендер кеткен.

Бөлме ортасында үлкен ағаш үстел мен үш орындық түр. Үстел үстіне ас құйылған үш ыдыс қойылған. Олардың біріншісі – үлкен табақ, екіншісі – орташа табақ, үшінші – кішкене көк табақ. Эр ыдыстың қасында қасықтары жатыр. Қыз ең үлкен қасықты алғып, үлкен ыдыс тағы тағамның дәмін татады. Астың дәмі ұнамайды. Содан кейін орташа қасық пен екіншісін, кішкене қасықпен үшіншісін көреді. Бәрінен де оған көк табақтағы ас ұнады.

Қыздың қарны аш еді. Енді ол отырып тамақтану үшін өзіне орындық таңдайды. Ең үлкен орындық – Михаил Иванычтікі, одан кішірегі – Настасья Петровнанікі, ал үшіншісі – қонжықтікі. Кішкентай қыз ең үлкен орындыққа шығып, одан құлап түседі. Ортанышына мініп еді, ынғайсыз көрінеді. Көнілінен шыққан тек үшінші орындық болады. Қыз қонжықтың орындығына отырып, көк табақтағы тамақты ішіп алады. Қарны тойған ол кішкентай орындықты ары-бері шайқап ойнайды. Ақырында оны сындырып, өзі жерге құлайды. Қолымен қонжықтың қасығын қағып

жібереді. Қасық ұшып барып, бұрышта тұрган сандықтың астына кіріп жоқ болады.

Қыз орнынан тұрып, келесі бөлмеге кіреді. Бұл жерде үш төсек бар екен. Ең үлкені – Михаил Иванычтікі, органишысы – Настасья Петровнанікі, ал үшіншісі қонжықтікі. Қыз ең үлкен төсекке шығады. Бұл оған тым үлкендік жасайды. Одан түсіп, органишыса жатады. Ол биік көрінеді. Ынғайлы болғаны – үшінші төсек.

Қатты шаршаган қыз осы қонжықтың орнына жатып, тәтті үйқыға батады.

Бұл кезде орманды аралап шаршаган әрі қарындары ашқан аюлар үйлеріне оралған еді. Ішке кірген олар алдымен тамақтанбақшы болады.

Ең үлкен аю өз табағына қарал, жуан дауысымен: – Менің ыдысыма тиіскен кім?!  
– деп ақырады.

Настасья Петровна да ыдысына қарал: – Менің табағымды орнынан қозғалтқан кім?! – дейді ашууланып.

Кішкене қонжық жінішке дауысымен: – Менің тамағымды мұлдемішіп қойыпты,  
– дейді көк табақты қолына алғып.

Үлкен аю енді үлкен қасығын ұстап: – Менің қасығыма тиіскен кім?! – деп  
акырады жуан дауысымен.

- Мениң қасығымды орнынан қозғалтқан кім? – дейді Настасья Петровна.  
Қонжық жінішке дауысымен: – Ал менің қасығым жок, – дейді жан-жағына қарап.  
Михаил Иваныч: – Кім менің орындығымды қозғалтқан? – дейді зор дауысымен.  
Настасья Петровна болса: – Ал менің орындығыма отырған кім? – дейді.  
Оның дауысы ұлкен аюға қарағанда жайырақ шығады.
- Мениң орындығымды біреу тіпті сындырып тастапты, – дейді қонжық жыламсырап.
  - Аюлар ішкі бөлмеге кіреді.
  - Мениң төсегіме жатқан кім?! – дейді Михаил Иваныч акырып.
  - Ал менің төсегіме шыққан кім? – дейді Настасья Петровна басын шайқап.
  - Ой, менің төсегімде біреу жатыр, – дейді қонжық таң қалып.

Аюлар қонжықтың төсегіне жақындейды. Маужырап ұйықтап жатқан кішкентай қызды көреді де, үшеуі жамырап:

- Қара мұны!
- Ұстандар! Ұстандар!
- Ұста оны! – деп айғайға басады.

У- шудан оянып кеткен қыз жанында тұрган үш аюды көреді. Қатты қорықкан ол ашық тұрган терезеден жерге секіріп түседі. Алды-артына қарамай қаша жөнеледі. Қызды ұстай алмаған Михаил Иваныч, Настасья Петровна мен қонжық үшеуі артта қалады.



## ҮЙШІК

Бұл орманда болған оқиға еді. Ашық алаңқайда кіп-кішкентай ескі үйшік тұрған. Бірде оны қасынан жүгіріп өтіп бара жатқан тышқан көреді. Тышқан тоқтап:

– Сүп-сүйкімді, кіп-кішкентай бұл үйшіктे кім бар? – деп сұрайды.

Ешкім жауап қайтармайды. Тышқан бос үйшікке кіріп, осында тұрып жатады.

Біраз уақыттан кейін үйшіктің маңына секіріп бақа келеді.

– Сүп-сүйкімді, кіп-кішкентай бұл үйшікте кім бар?

– Мен тықырлауық тышқанмын! Ал сен кімсін?

– Мен бақылдауық бақамын. – Кел, бірге тұрайық.

Бақа «бақ-бақ!» деп бақылдаپ, үйшікке секіріп кіреді. Тышқан екеуі тіл табысып, бірге тұрады.

Енді үйшік қасына ытқып-ытқып қоян жетеді.

– Сүп-сүйкімді, кіп-кішкентай бұл үйшікте кім бар? – деп сұрайды.

– Мен тықырлауық тышқанмын!

– Мен бақылдауық бақамын. Ал сен кімсің?

– Мен қорқақ қоянмын!

– Кел, бірге тұрайық.

Қоян да үйшікке кіреді. Осылай үшеуі бірге өмір сүре бастайды.

Алыстан бұл үйшікті тұлкі көреді. Ақырын басып жақын келіп, терезесін қағады да:

– Сүп-сүйкімді, кіп-кішкентай бұл үйшікте кім бар? – деп сұрайды.

– Мен тықырлауық тышқанмын!

– Мен бақылдауық бақамын.

– Мен қорқақ қоянмын! Ал сен кімсің?

– Мен қу тұлкімін!

– Кел, бірге тұрайық.

Үйшіктен тұлкіге де орын табылды. Достар енді төртеу болды.

Үйшікке тілі салактап, айналасына алақ-жұлак қарап қасқыр жетеді. Ол есікті қағып, қырылдаған дауысымен:

– Сүп-сүйкімді, кіп-кішкентай бұл үйшікте кім бар? – деп сұрайды.

– Мен тықырлауық тышқанмын!

– Мен бақылдауық бақамын.

– Мен қорқақ қоянмын!

– Мен қу тұлкімін! Ал сен кімсің? – Мен сұр қасқырмын!

– Кел, бірге тұрайық.

Қасқыр қысыла-қымтырыла ішке кіреді. Әйтсе де кіп-кішкентай үйшікке бесеуі де сыйып кетеді. Барлығы қосылып, ән айтады. Тату-тәтті өмір сүреді.

Бір күні жидек теріп жүрген аю үйшік тұрғындарының салған әнін естиді. Ол үйшікке жақын келіп, бар дауысымен:

- Сұп-сүйкімді, кіп-кішкентай бұл үйшіктे кім бар? – деп ақырады.
- Мен тықырлауық тышқанмын!
- Мен бақылдауық бақамын.
- Мен қорқақ қоянмын!
- Мен кү тұлкімін!
- Ал мен болсам, сұр қасқырмын!
- Ал сен кімсің?
- Мен қорбаңбай аюмын!
- Кел, бірге тұрайық.

Аю ары-бері тырбындан үйшікке кіrmекші болады. Бірақ оның басы енгенімен, денесі сыймайды. Амалы таусылған аю:

- Ендеше мен үйшіктің шатырына шығып тұрайын, – дейді.
- Жоқ, сен дәусің! Сені кішкентай үйшігіміз көтере алмайды. Қиратасың ғой, – деп шырылдайды іштегілер. – Корықпаңдар, түк те болмайды, – деп аю олардың сөздеріне құлақ аспайды.

Кіп-кішкентай үйшіктің тұрғындары амалсыздан келіседі. Аю қорбандан үйшіктің төбесіне шығады. Сол-ак еken, ескі үйшік сықырлап, шашылып қалады. Тықырлауық тышқан, бақылдауық бақа, қорқақ қоян, кү тұлкі, сұр қасқыр – барлығы аман-есен үйшікten шығып үлгереді.

Аюға олар ренжімейді. Қайта барлығы бірігіп, бөренелерді тасып, тақтайларды сүргілеп, жаңа үйшік тұрғызуға кірісіп кетеді. Осылайша, достар өздеріне әп-әдемі, жап-жаңа үйшік соғып алыпты.



Өуелде түлкінің құйрығы жоқ еді. Құйрығының жоқтығы оған бек қатты залал келтірген, өйткені жүрген ізін жасыра алмайды. Әрдайым түлкінің артына түсіп аңдып жүріпті. Бір күн қасқыр барып оның ініне кіреді. Егерде түлкі інінің басқа жағындағы аузынан шығып кетпесе өлтіріп тастар еді.

Әлден соң түлкі ағаш ішіне кіріп кетіл, ағаштың түбінде тұрған қоянды көреді. Ол мезгілде қояндардың құйрығы ұзын болып, шапшаң жүргендеріне ыңғайсыз болып түрушы еді. Сол жерде түлкі қоянды ұстап алып, өлтірмекші болып жатқанда қоян сұрайды:

- «Мені өлтірме, саған құйрығымды берейін», деп уәде қылады.

Мұнысына түлкі көніп, екеуі сол жерде құйрықтарын айырбастанапты.

Сонан бері түлкінің құйрығы ұзын болып, қоянның құйрығы қысқа болып қалыпты.

## ҚОЯННЫҢ ҮЙШІГІ

(орыс халық ертегісі)

Орманда тұлкі мен қоян өмір сүріпті. Тұлкінің үйшігі мұздан, ал қоянның үйі ағаштан болыпты. Көктем келіп, күн жылынғанда тұлкінің үйшігі, әрине бірден еріп кетті.

Бойы мұздаған тұлкі қоянға келеді. -Қоян, қоян! Мені кіргізші, жылынып алайын!

Жылпос тұлкі осылай алдап-сулап, анқау қоянның үйшігіне кіріп алып, ақыры оны үйінен қуып шыгады. Қоян жылап келе жатып, иттерге кезігеді.

-Қоян, қоян! Не болды саған? Соншалықты камығып кетіпсің ғой?

-Қалай жыламаймын? Тұлкінің мұз үйі еріп кетіп, менің жылы ағаш үйімді тартып алды. Енді міне, баспанасыз тентіреп жүргенім...

-Жылама! Біз ол оңбағанды қазір-ақ қуып шығамыз.

Иттер жиналыш, қоянның үйіне келеді.

-Аф, аф, аф! Әй, тұлкі, шық қане! Босат, қоянның баспанасын!

-Аха! Шықсам шығайын! Бірақ, мен даға шықсам, сендерге жақсы болмайды ғой ! Барлығында быт-шыт кыламын!-деді тұлкі қорқытып. Иттердің үрейі ұшып кетті. Басы аманда қашып құтылуды ойладап, тайып тұрады. «Үйі жоқтың – күйі жоқ» деген. Қоян қаңғи-қаңғи шаршап, тағыда жылай бастайды. Алдынан аю шығады.

- Қоян-ау, не болды. Сонша неге жылайсың?
- Жыламаған да қайтемін? Тұлкінің мұз үйі еріп кетіп, менің жылы ағаш үйімді тартып алды.
- Жылама! Мен оны қуып шығамын.
- Жо-ок! Қуып шыға алмайсың. Иттерде қуып шыға алмады.
- Көресің, қуып шығамын.
- Аю үйшіктің алдына келіп:
- Тұлкі, шық! Босат қоянның үйін! – деп ақырады.
- Тұлкі болса пеш үстінен:
- Шықпаймын! Шықсам саған жаман болады! Быт-шытында шығарамын! – деп қорқытты. Аюдың үрейі ұшып кетті. Басы аманда қашып құтылуды ойлады.

Амалы құрыған қоян тағыда жылай бастады. Қараса, жанынан алтын айдарлы әтеш өтіп барады. Қолында күмістей жарқыраған шалғысы бар.

- Қоян, қоян! Неге жылап отырсың?- деп сұрады.
- Жыламай қайтейін? Тұлкінің мұз үйі еріп кетіп, менің жылы ағаш үйімді тартып алды.
- Жылама! Мен оны қазір қуып шығамын!
- Жо-жоқ! Қуып шыға алмайсың! Иттер куды, қуа алмады. Аю куды, қуа алмады. Сенде қуа алмайсың!

- Жүр, көрерсін! Куамын!
- Екеуі үйшік жанына келді. Әтеш қатты дауыстап өлең айта бастады.
- Шөп шабамын, шөп шабамын! Тұлқіні іздең табамын. Қоянның үйінен шықпаса, оны да шалғынша шабамын!


Тұлқі қорқып кетіп: Кийіп жатырмын», - дейді.

-Шөп шабамын, шабамын! Тұлқіні іздең табамын. Қоян үйінен шықпаса, оны да шалғынша шабамын! - деп әтеш қайта әндете бастайды.

Тұлқі сасқалақтап: «Қазір-қазір, тонымды киіп жатырмын!» - дейді.

Әтеш әнін үшінші рет қайталай бастайды. Тұлқінің зәресі ұшып кетеді.

Аман – сауында зыта жөнеледі. Сөйтіп, қоян ержүрек әтештің көмегімен қайтадан өз үйінде тұра бастайды.



## ҚАСҚЫР МЕН ЖЕТІ ЛАҚ

Ертеде бір ешкінің жеті лағы болыпты. Біреуі қара, қалғандары ақ лақ екен. Орманға баруга жиналған ешкі лақтарын шақырып алғып, ақылын айтады:

- Шырақтарым-лақтарым,  
Ешкімге есік ашпаңдар!

Орманда қасқыр жүр.

Мен келгенде:

«Шырақтарым-лақтарым,  
Аналарың келді,  
Сендерге сұт әкелді!

Қорықпандар, лақтарым,

Маған есік ашындар!», - деп әндегемін.

Осы кезде терезе сыртында тұрған қасқыр оның сөзін естіп қалады. Ешкі кетісімен қасқыр есікті қагып, өзінің жуан дауысымен оның әнін айтады. Бірақ лақтар оның бөтен дауыс екенін біліп, есікті ашпайды.

Қасқыр саудагерге барып бор сатып алды. Бордың бір кесегін жегенде даусы аздап жіңішкерді. Осы дауыспен қасқыр келіп:

- Шырақтарым-лақтарым,  
Аналарың келді,  
Сендерге сұт әкелді!

Қорықпандар, лақтарым,

Маған есік ашындар!, - ән айтып еді, лақтар тағы алданбады.

Қасқыр ұстаға барып, өзіне тамақ жасатып алды – даусы ешкінің сияқты жінішке болып шықты. Қасқыр тағы ешінің үйіне келеді де:

- Шырақтарым-лақтарым,  
Аналарың келді,  
Сендерге сұт әкелді!

Қорықпандар, лақтарым,

Маған есік ашындар!, - әнін бастайды. Бірақ жаңа дауыстың да көмегі болмады –  
лақтар аяғын көріп қойып, ашпай қойды.

Қасқыр жылдам наубайшыға барып, аяғына себетін ұн сатып алды. Қасқыр есік алдына қайтіп келді, ақ аяғын лақтарға көрсете созып тұрып:

- Шырақтарым-лақтарым,

Аналарың келді,  
Сендерге сүт әкелді!  
Корықпандар, лактарым,  
Маган есік ашындар! - депәнгे басты.

Лактар сеніп есік ашты! Қасқыр үйге кіріп келгенде лактар жан-жаққа қашып, тығылып қалды. Қасқыр олардың бәрін де тауып, жеп қойды. Тек біреуін ғана байқамай қалды ол сағаттың артына тығылған еді. Қарны тойған қасқыр ағаш көлеңкесіне жата кетіп үйқыға кірісті.

Ұзамай ешкі үйіне оралды. Есікті итерсе, есік ашық тұр. Ешкі үйге кіріп, лактарын шақырады. Аман қалған лак қарсы шығып, болған жайды айтып береді. Ешкі мен лағы үйдің артына шығып қараса, қасқыр көгалда шалқасынан түсіп қорылдап жатыр екен. Ешкі мүйізімен қасқырдың қарның жарып жібергенде алты лақ шыға келеді. Бәріде аман-есен. Ешкі мен лактардың қуанышында шек болмады.

Қасқыр оянбай түрганда ешкі оның қарынын таспен толтырып, кайта тігіп қояды. Шөлдеген қасқыр су ішпек болып құдыққа барады. Сол кезде ішіндегі ауыр тастар оны төмен тартып, қасқыр құдыққа құлады да, батып кетті.



## АЛТЫН АЙДАРЛЫ ӘТЕШ

Ертеде мысық, барылдауық торғай және бір алтын айдарлы әтеш дос болыпты. Олар орманда, бір үйде тұрыпты. Мысық пен барылдауық торғай орманға отынға барады, әтешті үйде қалдырады. Кетіп бара жатып айтып кетеді:

—Біз алысқа кетеміз, сен үйде қаласын. Бірақ үйден шықпа, тұлкі келетін болса, терезеге жақындама.

Әтештің үйде жалғыз екенін естіген тұлкі келіп, терезенің түбіне отырып әнін бастайды:

—Алтын айдарлы әтешім,  
Майлы басты әтешім,  
Жібек сақалды әтешім,  
Терезеге қарашы,  
Менен бүршак алшы.

Әтеш басын шығарып қарады, сол кезде тұлкі әтешті мықтап ұстап алып, өзінің ініне қашты. Әтеш бар дауысын салып айқалады:

— Қара орманға,  
Ағынды өзенге,  
Биік тауларға,  
Тұлкі алып барады,  
Құткарындар мені!

Мысық пен барылдауық торғай естіп қалып, тұлкіні қуып жетеді де әтешті алып қояды.

Келесі жолы мысық пен барылдауық торғай орманға отынға барады. Әтешке тағы айтады:

— Біз осы жолы алысырақ кетеміз, сенің дауысынды естімейміз. Сен терезеге қарама.

Олар отынға орманға кетті, ал тұлкі тағы келіп өзінің әнән айтты:

— Алтын айдарлы әтешім,  
Майлы басты әтешім,  
Жібек сақалды әтешім,  
Терезеге қарашы,  
Менен бүршак алшы.

Әтеш дыбысын шығармай отыр. Ал тұлкі тағы әнін бастады:

— Балалар жүгіреді,  
Бидай шашылады,  
Тауықтар шұқиды,  
Әтешке бермейді...

Әтеш шыдамай басын шығарып:

— Ко-ко-ко! Қалай бермейді?

Тұлқі тағы да этешті үстап алып, сол кезде тұлқі этешті мықтап үстап алып, өзінің ініне қашты. Этеш бар дауысын салып айқалады:

— Қара орманға,  
Ағынды өзенге,  
Биік тауларға,  
Тұлқі алып барады,  
Құтқарындар мені!

Мысық пен барылдауық торғай естіп қалып, тұлқінің сонынан түседі. Мысық жүгіріп барады, барылдауық торғай үшіп барады... Күп жетіп — этешті тартып алады.

Біраз уақыт өткен соң, мысық пен барылдауық торғай отынға орманға жиналады. Кетерде этешке тағы катал түрде тапсырады:

— Тұлқі келсе оны тыңдама, терезеден қарама, біз ары қарай алыс кетеміз, сені естімейміз.  
Сонымен мысық пен барылдауық торғай орманға кетеді. Сол кезде тұлқіде келіп, әнін бастыды:  
— Алтын айдарлы этешім,  
Майлы басты этешім,  
Жібек сакалды этешім,  
Терезеге қараши,  
Менен бұршақ алши.

Этеш дыбысын шығармай отыр. Ал тұлқі тағы әнін бастады:

— Балалар жүгіреді,  
Бидай шашылады,  
Тауықтар шұқиды,  
Этешке бермейді...

Этеш дыбысын шығармай отыр. Ал тұлқі тағы әнін бастады:

— Адамдар жігірді,  
Жанғактар шашылды,  
Тауықтар шұқиды,  
Этешке бермейді...

Этеш шыдамай басын шығарып:

— Ко-ко-ко! Қалай бермейді?

Тұлқі тағы да этешті үстап алып, сол кезде тұлқі этешті мықтап үстап алып, өзінің ініне қашты, қара орманға, ағынды өзенге, биік тауларға... Қалай этеш айқаласады, көмекке шақырсады — мысық пен барылдауық торғай оны естімеді.

Үйге қайтып келгенде — әтеш үйде жоқ екен. Мысық пен барылдауық торғай тулкінің ізімен жүгіре жөнелді. Тұлкінің ініне жүгіріп келді. Мысық өзінің аспабын күйіне келтіріп, әндете бастады:

—Трень, брень, гусли,

Алтын ішектері...

Тұлкі бикеш бар ма,

Өзінің жылы үйінде ме!

Тұлкі тыңдалып-тыңдалып, ойлады:

— Көрейін, кім ол сонша жақсы ойнап, тәтті ән айттып отыр.

Тұлкі інінен шығып еді. Сол кезде мысық пен барылдауық торғай оны ұстап алды — ұрып-сокты. Тұлкі зорға құтылып кетеді.

Әтешті себетке отырғызып, тұлкіден қорғап, әтешін алып қайтады.

Содан бері бәрі тату, бақытты ғұмыр кешеді.



# КОЛДАНЫЛГАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Тіл ашар», Алматы - «Жалын», 1989 ж.
2. ҚирабаевС., МырзалиевҚ.«Қазақ әдебиеті» Алматы -«Мектеп»,2001 ж.
3. «Алақай»хрестоматиясы - Көркем сөз әлемі, Алматы - «Аруна» баспасы.
- 4.«Мен және бәрі, бәрі, бәрі» хрестоматиясы,Алматы - «Аруна», 2006 ж.
5. Әмірова Ә.«Дәстүрлі тәрбие», Алматы - «Арда», 2006 ж.
6. Қожахметова X. «Мәнерлеп оқу», Алматы - «Мектеп», 1982 ж.
7. ФабдуллинМ.«Қазақ халықының ауыз әдебиеті», Алматы: 1964 ж.
- 8.Нұсіпбекова М.И., Сейілгазинова С.А. «Қарлығаш» хрестоматиясы,  
Астана – «Арман-ПВ», 2007 ж.
9. «Халық ауыз әдебиеті», Алматы: 1974 ж.
10. «Отбасы және балабақша» журналдары.
11. Ғаламтор.